

Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 30/275 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 желтоқсанда № 5088 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 46/405 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 02.06.2020 № 46/405 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енеді).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

С. Сурнин

С. Медебаев

Жезқазған қалалық мәслихатының
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№30/275 шешіміне
қосымша

Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

Р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	3
4.	Ойын жолы	12
5.	Карт	4

6.	Бильярд үстелі	10
7.	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК